

Ю. Журабаева, 2-курс

*Ғылыми жетекші — П. К. Әбілқас, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі, полиция капитаны
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МҮГЕДЕК БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан қазіргі таңда демократиялы, зайырлы, азаматтық қоғамы қалыптасқан мемлекеттер қатарына жатады. Яғни, ол дегеніміз мемлекет өмір сүретін кез келген тұлға өздерінің автономиялы өмір сүріп және дамуын қамтамасыз ететін табиғи азаматтық құқықтар, міндеттер мен бостандықтар жинағына иелік етуші әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени қоғамдық қатынастар жиынтығы болып табылады. Яғни азаматтық қоғамның басты құндылығы — ол адам, оның құқықтары мен бостандықтары. Адам ұғымына жалпы: Қазақстан Республикасының азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, шетел азаматтары және балаларды да жатқызамыз.

Балалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселесіне қазір баса назар аударылады, оның ішінде біздің мемлекетімізде мүгедек балалардың құқықтары мен бостандықтарын, олардың қауіпсіз қоғамда өмір сүруін қамтамасыз етуге қатысты іс-шаралар қолға алынуда. Шыр етіп жерге түскен минутынан өмірдің қасіретін көрген жандарды көріп жүрегің елжіреп қан жылайды.

Мүгедектік латын сөзі «инвалид» аударғанда «жарамсыз» деген мағынаны білдіреді. Мүгедектік бұл ауру, жарақат т. б. әсерлердің салдарынан тұлғаның өмірлік іс-әрекеттері шектеліп келумен сипатталады. Мүгедектіктің қазіргі мағынасы аурулардың, жарақаттар нәтижесінде денсаулығы бұзылған, соның кесірінен өмірлік іс-әрекеттері шектелген және әлеуметтік қорғауды және көмекті қажет ететін адам дегенді білдіреді. Мүгедектіктің негізгі белгісі сырттай өмірлік іс-әрекеті шектелуден көрінетін (өзіне-өзі қызмет көрсетуден толықтай немесе жартылай айрылған, өз бетімен қозғала алмайтын, қарым-қатынас жасай алмайтын, өз мінезін қадағалай алмайтын, оқи және еңбек ете алмайтын) денелік ресурстардың жетіспеушілігі бар тұлғалар.

Осындай жандардың қоғамда өмір сүру жағдайын жеңілдету және әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекет тарапынан әртүрлі шаралар және бағдарламалар өткізілуде.

Оның бірден-бір түрі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс бағыты. Мүгедек балалар категориядағы жасөспірімдермен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс мақсаты мүгедек балалардың жас ерекшелігіне сәйкес өмір сүруге деген мүмкіндік жағдайын қамтамасыз ету; баланы қоршаған ортаға және қоғамға өзіне-өзі қызмет көрсетуді оқыту дағдысы арқылы максималді түрде бейімдеу; қоғамдық пайдалы еңбекке қатыстыру, кәсіби тәжірибелер білімін жинақтау; мүгедек балалардың ата-аналарына көмек ету.

Балалардағы мүгедектілік өмірлік жағдайындағы мәнді шектеулерді білдіреді. Ол дамудағы бұзылыспен, өз-өзіне қызмет жасаудағы, қарым-қатынастағы, оқудағы, болашақта кәсіби дағдыларды игерудегі кедергілермен негізделген әлеуметтік бейімделмеушілікке (дезадаптация) әкеледі. Мүгедек балалармен әлеуметтік тәжірибені меңгеру, олардың қалыптасқан қоғамдық қатынастар жүйесіне енуі қоғамнан белгілі бір қосымша шараларды, тәсілдер және күш-жігерді талап етеді. Бірақ бұл шаралар әлеуметтік оңалту үрдісінің мәніне, міндетіне, заңдылықтарына негізделіп жасалуы керек. Нақты бұл категориядағы балалармен іс-тәжірибелердің жинақталынуы әлеуметтік-педагогикалық қызметті ұйымдастыру базасы болуы мүмкін. Алғашқыда белгілі мәселелерді жалпы деңгейде белгілесе, сосын оларды жекелей көріну сипатына қарай диагностикалайды. Мұндағы ең негізгі күрделірек жасөспірімдер мен жастардағы тәуекел жағдайын растау сандық және сапалық жағдайлардың үнемі өзгеруімен сипатталынады.

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуір № 39 Заңына сәйкес балалардың құқықтары мен мүдделерін сақтау саласындағы ұлттық саясаттың негізгі бағыттарының бірі — мүгедек балаларды әлеуметтік оңалту болып

табылады, ол мүгедек балалардың тіршілік әрекетінің шектелуін еңсеруі, әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруі, әлеуметтік-тұрмыстық және еңбекке бейімделуі және материалдық тәуелсіздікке қол жеткізуі үшін жағдайлар жасау арқылы жүзеге асырылатындығы аталып өткен¹. Қазіргі уақытта соңғы статистикалық мәліметтерге сәйкес, елімізде 47 мыңнан астам мүгедек бала тұрады². Осыған байланысты мүгедектерді оңалту жөніндегі әлеуметтік қызметтерді көрсететін медициналық-әлеуметтік мекемелер санын және оған бөлінетін қаражат көлемі де жылдан жылға ұлғаюда. Сонымен қатар, жоғарыда айтылған қаулыға сәйкес, мемлекет тарапынан мүгедек балаларды әлеуметтік өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық бірлестіктермен де біріге отырып көптеген жұмыстар атқарылуда. Оның ішінде айтатын болсақ, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «САТР», «Кеңес» атты мемлекеттік ұйымдармен біріге отырып, осы салада қызмет көрсетумен айналысатын қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастырды. 2005 жылы 31 сәуірдегі № 36 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» ҚР Заңының қабылдануымен бірге кемтар балаларды кәсіби даярлаудың балама мекемелерін, орталықтарын құру жобаларына немесе кемтар балаларды қоғамға кіріктіруге ықпал ететін басқа да жобаларға ҮЕҰ-ларды тарту мүмкіндігі туды¹.

Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүгедектерді оңалту жүйесін жетілдіру аясында, мүгедек балаларды әлеуметтік қолдауды күшейтуге және өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізілді, оның ішінде атап өтетін болсақ, жекелей оңалту бағдарламаларына сай мүгедек балаларға санаторийлік-курорттық ем көзделген шипажайлар салынды.

Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік реформаларды одан әрі жақсарту үшін автордың ойынша білім беру жүйесінде мүгедектерді кәдімгі және арнаулы мектептерде, үйде (жеке бағдарламалар бойынша) оқыту, жұмыспен қамтамасыз ету мәселелерін одан әрі жетілдіру керек. Себебі балалар біздің болашағымыз, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы қалыптасқан мемлекетте өмір сүруін қамтамасыз ету біздің мақсатымыз. Өз сөзімді Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына жолдауындағы үзіндімен аяқтағым келеді: «... Бейбітшілік — ол әке мен ана қуанышы, ата-аналар денсаулығы және біздің балаларымыздың бақыты. Бейбітшілік — ол тұрақты жұмыс, жалақы және ертеңгі күнге деген сенім. Бейбітшілік пен тұрақтылық — күн сайынғы еңбекпен қорғап, нығайтуды қажет ететін жалпыхалықтық жетістік. Мен жастар — біздің болашағымыздың тірегі дегенді әркез айтып келемін...»³.

-
- 1 www.adilet.zan.kz
 - 2 www.egemen.kz/2014.02.28.21005
 - 3 www.akorda.kz/kz/page/page_218342_